



## "Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 шілде N 823

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

#### Кредиттік серіктестіктер туралы

Осы Заң кредиттік серіктестіктердің құрылуына, қызметіне, қызметін реттеуге және тоқтатуға байланысты қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Кредиттік серіктестіктер туралы заңдар

1. Кредиттік серіктестіктер туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына К951000\_ негізделеді, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден, оның ішінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актілерінен **т ұ р а д ы .**

2. Қазақстан Республикасының жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қызметін реттейтін заңдары кредиттік серіктестіктерге осы Заңмен реттелмеген бөлігінде **қ о л д а н ы л а д ы .**

3. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар осы Заңға қарағанда басым болады және халықаралық шарттағыдай, оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мына негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) қосымша жарна - қатысушы кредиттік серіктестіктің мүлкіне берген, шектеусіз көбейтуге немесе азайтуға болатын ақша сомасы;
- 2) кредиттік серіктестік - жеке және/немесе заңды тұлғалар өз

қатысушыларының кредиттер және басқа қаржылық қызмет көрсету қажеттіліктерін олардың ақшасын жинақтау және Қазақстан Республикасының заңдары тыйым салмаған басқа да көздер есебінен қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға;

3) міндетті салым - қатысушының кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталына қосуға тиісті ақшасы.

### 3-бап. Кредиттік серіктестік

1. Кредиттік серіктестіктер құрылтай шарты негізінде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер нысанында құрылады және өз жарғысына сәйкес іс-әрекет етеді.

2. Кредиттік серіктестік ретінде тіркелмеген бірде-бір заңды тұлға "кредиттік серіктестік" болып атала алмайды.

3. Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының саны үштен кем болмауға тиіс.

2-тарау. Кредиттік серіктестіктерді құру және лицензиялау

### 4-бап. Кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттары

1. Кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттары құрылтай шарты мен жарғы болып табылады.

2. Кредиттік серіктестіктің жарғысында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мәліметтерден басқа:

- 1) кредиттік серіктестіктің толық және қысқартылған атауы;
- 2) кредиттік серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндеттері туралы ережелер;
- 3) қатысушылардың кредиттік серіктестікке қатысу тәртібі мен талаптары;
- 4) кредиттік серіктестікке кірген кезде төленуге тиісті міндетті салымның ең аз мөлшерін белгілеу;

5) кредиттік серіктестік қатысушыларының міндетті салымды және қосымша жарнаны салу (қайтару) тәртібі мен талаптары;

6) кредиттік серіктестіктің басқару органдары туралы ережелер; басқару органдарының шешімдерді қабылдау тәртібі, оған қоса кредиттік серіктестік

қатысушыларының төрттен бір бөлігінде және жиналысқа қатысқан білікті көпшілік дауыстары қажет мәселелердің тізбесі;

7) кредиттік серіктестіктің басқару органдарының арасындағы құзыретті бөлу;

8) кредиттік серіктестіктің ақшасын орналастыру тәртібі;

9) кредиттік серіктестіктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

10) кредиттік серіктестіктің бөлінбеген кірісі мен резервтік капиталын пайдалану тәртібі болуы тиіс.

Кредиттік серіктестіктерге арналған жарғының үлгі нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Кредиттік серіктестік уәкілетті органға кредиттік серіктестіктің жарғысына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы олар қабылданған күннен бастап бір айдың ішінде хабарлауға міндетті.

#### 5-бап. Кредиттік серіктестіктерді лицензиялау

1. Кредиттік серіктестік өз қызметін жүзеге асыру үшін осы Заңның 17-бабында көзделген банк операцияларын жүргізуге құқық беретін уәкілетті органның лицензиясын алуы тиіс.

Уәкілетті орган кредиттік серіктестіктерге лицензиялар береді және олардың тізілімін жүргізеді. Лицензиялары бар кредиттік серіктестіктер туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2. Кредиттік серіктестіктерге банк операцияларын жүргізуге лицензияны белгіленген тәртіппен уәкілетті орган береді.

3. Өтініш беруші кредиттік серіктестіктер үшін осы Заңда көзделген банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін:

1) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444\_ Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 2-тармағындағы талаптардың орындалғанын растайтын құжаттарды, сондай-ақ "Лицензиялау туралы" Z952200\_ Қазақстан Республикасы Заңының 16-тармағында көзделген

құжаттарды;

2) кредиттік серіктестіктің операцияларды жүргізудің жалпы талаптарын және ішкі ережелерін ұсынуы тиіс.

4. Операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережеде мынадай мәліметтер мен рәсімдер болуы тиіс:

1) берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері;

2) кредиттер бойынша сыйақы ставкаларының шекті көлемдері;

3) қатысушыларға операциялар жүргізгені үшін шекті ставкалар мен тарифтер;

4) өзге де қосымша шарттар.

Кредиттік серіктестіктің ішкі ережелерінде:

- 1) кредиттік комитеттің және құрылымдық бөлімшелердің құрылымы, міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері;
- 2) құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттері;
- 3) кредиттік серіктестіктің лауазымды адамдары мен қызметкерлері кредиттік серіктестіктің атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кезде олардың өкілеттіктері белгіленуге тиіс.

5. Лицензия беруден бас тарту Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

Операцияларды жүргізуге лицензия беруден бас тартқан кезде өтініш берушіге бас тарту себебі көрсетіле отырып жазбаша нысанда дәлелді жауап беріледі.

3-тарау. Кредиттік серіктестікке қатысу

6-бап. Кредиттік серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

1. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары:

- 1) кредиттік серіктестік көрсететін қызметті пайдалануға;
- 2) кредиттік серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
- 3) кредиттік серіктестіктің басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

4) осы Заңда және кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделген

тәртіппен өзінің кредиттік серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

5) кредиттік серіктестіктің қызметіне қатысты ақпаратты және есепті алуға құқылы;

6) заң актілерінде және кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделген басқа да құқықтары бар.

2. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары:

- 1) жарғыны сақтауға және кредиттік серіктестіктің басқару органдарының шешімдерін орындауға;
- 2) кредиттік серіктестіктің басқару органдарына қатысушыларды кредиттеу туралы шешімдер қабылдау үшін жеткілікті өзінің қаржылық жай-күйі туралы шынайы ақпарат беруге міндетті;

3) заң актілерінде және кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделген басқа да міндеттер.

7-бап. Кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтату

1. Кредиттік серіктестікке қатысу:

- 1) ерікті түрде шыққанда;
- 2) кредиттік серіктестіктен шығарылғанда;
- 3) кредиттік серіктестік қызметі тоқтатылғанда;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да жағдайларда тоқтатылады.

2. Кредиттік серіктестіктен ерікті түрде шығу туралы өтініш кредиттік серіктестіктің Басқармасына қарауға берілуі тиіс, ол өтініш берілген күннен бастап бір айдың ішінде оны қарауға және кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысына ұсынуда міндетті.

Кредиттік серіктестікке қатысу қатысушы осы Заңда көзделген тәртіппен кредиттік серіктестік алдында қабылдаған мүліктік міндеттемелерін орындағаннан кейін қатысушының ерікті түрде шығуы арқылы тоқтатылуы мүмкін.

3. Кредиттік серіктестіктің қатысушысы осы Заңда көзделген талаптарды сақтай отырып кредиттік серіктестіктен шығарылуы мүмкін.

4. Кредиттік серіктестіктің қатысушысы, егер:

- 1) жарғыда бекітілген қатысу шарттарына сәйкес келмесе;
- 2) кредиттік серіктестік жарғысын, ережелерін және шешімдерін бұза отырып әрекет жасаса;
- 3) кредиттік серіктестік алдындағы өз міндеттемелерін орындамаса;
- 4) өз әрекеттерімен кредиттік серіктестікке зиян келтірсе, кредиттік серіктестіктен шығарылуы мүмкін.

5. Қатысушының кредиттік серіктестіктен шығарылуы шығарылғанға дейін оған 30 күн бұрын алдын ала хабарлағаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4-тарау. Кредиттік серіктестікті басқару

8-бап. Кредиттік серіктестіктің басқару органдары

1. Кредиттік серіктестіктің басқару органдары:

- 1) жоғары органы - кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы;
- 2) атқарушы органы - Басқарма;
- 3) бақылаушы органы - ревизиялық комиссия немесе ревизор болып табылады.

2. Кредиттік серіктестіктің жарғысында байқаушы органдар (байқаушы кеңес) құру көзделуі мүмкін.

9-бап. Кредиттік серіктестіктің жалпы жиналысы

1. Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысын өткізу тәртібі кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделеді.

Кредиттік серіктестік қатысушыларының жыл сайынғы (жылдық) жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей өткізіледі. Жыл сайынғы жиналыстан басқа кредиттік серіктестік Басқармасының немесе кредиттік серіктестіктің кемінде жиырма бес проценті болатын қатысушыларының бастамасы бойынша шақырылатын кезектен тыс жиналыстар

өткізілуі мүмкін.

Жалпы жиналыс жарғылық мақсаттарға және кредиттік серіктестіктің міндеттеріне және осы Заңға сай келетін шешімдер қабылдауға, басқарма шешімінің күшін жоюға немесе бекітуге құқылы.

2. Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыретіне, өзге заң актілерінде көзделген мәселелерден басқа, мыналар жатады:

1) ішкі ережелерді және мыналарға:

кредиттік серіктестік қызметінің стратегиясына;

кредиттік серіктестіктің кредиттік және инвестициялық саясатына;

басқарма мүшелеріне, ревизиялық комиссияға немесе ревизорға және кредиттік серіктестіктің басқа қызметкерлеріне төленетін еңбекақы мөлшерін белгілеу тәртібіне;

қатысушылардың қосымша жарна енгізу тәртібін белгілеуге;

кредиттік серіктестіктің активтерін есептен шығару тәртібіне;

қатысушыларды кредиттік серіктестікке қабылдау және шығу (шығару) тәртібіне;

жыл сайынғы бюджет және оны орындау туралы есепке;

бухгалтерлік есеп саясатын анықтауға қатысты басқа да құжаттарды бекіту;

2) жарғымен кредиттік серіктестіктің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

3. Алдағы уақытта болатын жиналыс туралы қатысушыларға жиналыс өткізілген күнге дейін кемінде он бес күн бұрын хабар беріледі.

Хабарламада жиналыстың өткізілетін уақыты мен орны және күн тәртібі көрсетіледі.

10-бап. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары жиналысының кворумы және дауыс беру

1. Кредиттік серіктестік қатысушыларының кемінде елу проценті жиналысқа қатысатын болса, жалпы жиналыс заңды деп танылады. Күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша шешім білікті көпшілік дауыспен немесе бірауыздан қабылданған жағдайда егер оған барлық қатысушылар үштен екісі қатысса, жиналыс шешім қабылдауға қ ұ қ ы л ы .

2. Кредиттік серіктестіктің қатысушысына тиесілі міндетті салымдар мен қосымша жарнаның мөлшеріне қарамастан, шешім қабылданған кезде ол бір ғана дауысқа ие б о л а д ы .

3. Жалпы жиналыста шешімдер жиналысқа қатысушылардың жай көпшілік да у ы с ы м е н қ а б ы л д а н а д ы .

4. Жалпы жиналыста жарғыны бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ кредиттік серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату мәселелері бойынша шешімдер, егер кредиттік серіктестік жарғысы оларды қабылдау үшін көпшілік дауыс санын немесе бірауыздан қабылдауды талап етпесе, жиналысқа қатысқан және ұсынылған қатысушылардың үштен екі бөлігінің білікті көпшілік да у ы с ы м е н қ а б ы л д а н а д ы .

5. Қатысып дауыс беру мүмкін болмаған жағдайда почта байланысы құралдарын пайдалана отырып немесе кредиттік серіктестік қатысушысының осы мәселе бойынша пікірін жазбаша түрде алуға мүмкіндік беретін өзгеше әдістің көмегімен сырттай дауыс б е р у г е б о л а д ы .

## 11-бап. Кредиттік серіктестіктің басқармасы

1. Кредиттік серіктестіктің басқармасы қатысушылардың жалпы жиналысында сайланады және кредиттік серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге а с ы р а д ы .

Кредиттік серіктестіктің басқармасы жыл сайын кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы алдында өз қызметінің нәтижелері туралы есеп б е р е д і .

2. Кредиттік серіктестік басқармасының өкілеттіктеріне мыналар кіреді:

1) кредиттік серіктестік қызметінің ішкі ережелерін қабылдау туралы және кейін оларды өзгерту туралы ұсыныстар дайындау;

2) кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының қарауына кредиттік және инвестициялық саясаттарға қатысты ұсыныстар дайындау және енгізу, кредиттік серіктестіктің ішкі кредит саясаты және кредит комитеті туралы ережелерді ә з і р л е у ;

3) жыл сайынғы бюджетті және оның орындалуы туралы есепті әзірлеу және беру;

4) қызметкерлерге арналған еңбекақы мөлшерлерін белгілеу;

5) кредиттік серіктестіктерге қатысушыларды қабылдау және шығару жөніндегі мәселелер бойынша құжаттар дайындау және оны кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысына ұсыну;

6) кредиттік серіктестіктердің ағымдағы қызметіне байланысты және кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кірмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3. Басқарма дербес орган бола алмайды және онда кредиттік серіктестік қатысушыларының кемінде үш мүшесі болуы тиіс. Басқарманы кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы сайлайтын төраға басқарады.

4. Басқарманың мәжілістері қажетіне қарай, бірақ кемінде айына бір рет өткізіледі.

Егер мәжіліске кемінде 2/3 мүше қатысатын болса, Басқарма оның қарауына енгізілген мәселелерді шешуге құқылы. Шешім Басқарманың қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

#### 12-бап. Ревизиялық комиссия (ревизор)

Кредиттік серіктестіктің ревизиялық комиссиясы (ревизоры) болуы тиіс.

Ревизиялық комиссияның (ревизордың) өкілеттіктеріне, өзге заң актілерінде көзделген мәселелерден басқа, мыналар кіреді:

1) мерзімді жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер өткізу арқылы кредиттік серіктестік, оның органдары және лауазымды адамдары жасайтын іс-әрекеттер мен операциялардың Қазақстан Республикасының заң талаптарына және кредиттік серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкестігін анықтау;

2) кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысына және Басқармаға кредиттік серіктестіктің қызметін жақсарту жөнінде ұсынымдар беру.

#### 5-тарау. Кредиттік серіктестікке міндетті салымдар және қосымша жарналар

#### 13-бап. Міндетті салымдарды салу тәртібі

1. Қатысушы кредиттік серіктестікке кіру үшін міндетті салымның ең аз мөлшерін салады. Кредиттік серіктестіктің бастапқы жарғылық капиталы қатысушылардың міндетті салымдарының сомасына тең және Қазақстан уәкілетті орган белгілеген сомадан аз бола алмайды.

2. Міндетті салым кредиттік серіктестік немесе кез келген басқа заңды тұлға беретін кредиттер бойынша кепіл бола алмайды.

3. Кредиттік серіктестіктің қатысушысына ақша салу кезінде кредиттік серіктестік қатысушысының ақша салғанын растайтын құжат беріледі. Қатысушының кредиттік



серіктестікке кейінгі ақша салуы және оның қатысушыға ақшаны қайтаруы жоғарыда көрсетілген құжатта белгіленуі тиіс.

#### 14-бап. Кредиттік серіктестіктің міндетті салым сомасын қайтару тәртібі

1. Кредиттік серіктестікке қатысу тоқтатылған кезде қатысушыға кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделген мерзімде, бірақ кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде тоқсан күнде міндетті салымның сомасы қайтарылады.

2. Егер кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтату қатысушылардың ең аз санынан төмен азаюына немесе кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталының ең төменгі деңгейден азаюына әкелмесе, сондай-ақ кредиттік серіктестіктің міндетті салым сомасын төлеуге жеткілікті мөлшерде меншік қаражаты болса, міндетті салымның сомасын қайтару жүзеге асырылады.

Егер кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтату жарғылық капиталдың ең төменгі деңгейден азаюына әкелсе, кредиттік серіктестік қатысушыға міндетті салымның сомасын түзетілген құны бойынша қайтаруға құқылы.

Егер кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтату қатысушылардың ең аз санынан төмен азаюына әкеп соқтыруы мүмкін болса, қатысушы "Шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Z980220\_ Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен өзінің кредиттік серіктестікке қатысуын тоқтатады.

#### 15-бап. Қатысушылардың қосымша жарналары

Қатысушы кредиттік серіктестіктің мүлкіне қосымша жарнаны шектеусіз салуға құқылы. Кредиттік серіктестік қатысушыға кредиттік серіктестіктің жарғысында және ішкі ережелерінде белгіленген мерзімде және тәртіппен қосымша жарнаның сомасын қайтарады. Кредиттік серіктестік қатысушыларының қосымша жарналары оның жарғылық капиталының мөлшерін өзгертпейді.

#### 16-бап. Кредиттік серіктестіктің қосымша жарна сомаларын қайтару тәртібі

Кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтатқан жағдайда қатысушыға кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделген мерзімде, бірақ кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде тоқсан күн ішінде қосымша жарнаның сомасы қайтарылады. Мұндай жағдайда кредиттік серіктестік алдында міндеттемелері бар бұл қатысушыға оның кредиттік серіктестік алдында бар

міндеттемелері шегеріле отырып төлем жасалады.

## 6-тарау. Кредиттік серіктестіктің қызметі

### 17-бап. Кредиттік серіктестік жүзеге асыратын банк операциялары

Кредиттік серіктестіктің лицензиясы болса, өзінің қатысушылары үшін банк және өзге де операциялардың мына түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) касса операциялары: банкноттар мен металл ақшаны қабылдау, беру, қайта санау, ұсақтау, айырбастау, сұрыптау, буу және сақтау;

2) аударым операциялары: кредиттік серіктестік қатысушыларының тапсырмаларын орындау;

3) заем операциялары: төлем жасалу, мерзімінде қайтарылу шартымен ақшалай кредиттер беру;

4) кредиттік серіктестік қатысушыларының тапсырмасы бойынша қосымша жарналар шегінде есеп айырысуды жүзеге асыру;

5) сейф операциялары: құжаттама нысанында шығарылған бағалы қағаздарды, құжаттар мен құндылықтарды сақтау, оған қоса сейф жәшіктері мен үй-жайларды жалға беру бойынша қызмет көрсету;

6) лизинг қызметін жүзеге асыру.

### 18-бап. Кредиттік серіктестіктердің бірлестіктері

Кредиттік серіктестіктер өз қызметін үйлестіру, жалпы мүдделерін қорғау және білдіру, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және өзге де жалпы міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кредиттік серіктестіктердің қауымдастықтарын (одақтарын) құруға құқылы.

### 19-бап. Кредиттік серіктестіктің қызметі

1. Кредиттік серіктестіктің заем операциялары кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысында бекітілетін Ішкі кредиттік саясат туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ішкі кредиттік саясат туралы ережелерде кредиттерді өтеу мерзімдері мен шарттары, кредиттеу лимиттері, қамтамасыз етудің қолайлы нысандары және қатысушының кредиттік серіктестіктегі оған тиесілі төленген міндетті салымның және қосымша жарнаның жалпы сомасынан асып кететін берешегінің ең көп сомасы қамтылуы тиіс. Кредит кредиттік серіктестік жарғысындағы қағидаларға сәйкес төленген міндетті салымға иелік ететін кредиттік серіктестіктің қатысушысына ғана

б е р і л у і

м ү м к і н .

3. Басқарма Төрағасына жеңілдік талаптарымен кредиттер беруге тыйым салынады.

4. Басқарма Төрағасына, сондай-ақ кредиттік серіктестіктің қатысушыларына жеңілдік шарттарымен кредиттер беру кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

5. Ревизиялық комиссия (ревизор) Басқарма Төрағасына берілген кредиттер туралы мәліметтерді жыл сайынғы жалпы жиналыста кредиттік серіктестіктің барлық қатысушыларына міндетті түрде жіберуге тиіс.

6. Кредитті ресімдеуге және беруге байланысты барлық қажетті шығыстарды кредит алған қатысушы өтейді.

## 20-бап. Кредиттік серіктестік жүргізетін операциялардың құпиясы

1. Кредиттік серіктестік жүргізетін операциялардың құпиясы коммерциялық құпияға жатады және оған қатысушылардың олардың ең аз мөлшерінен астам міндетті салымдары мен қосымша жарналары жөнінде, заемшылар туралы, кредиттік серіктестіктің операциялары жөнінде мәліметтер (операцияларды жүргізудің жалпы шарттарынан басқасы), сондай-ақ кредиттік серіктестіктің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаудағы клиенттер мүлкінің болуы, иелері, сипаты және құны туралы мәліметтер жатады.

2. Кредиттік серіктестіктер жүргізілетін операциялар бойынша құпияға, сондай-ақ кредиттік серіктестіктің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаудағы мүліктің құпиясына кепілдік береді.

3. Кредиттік серіктестіктің лауазымды адамдары, қызметкерлері және өзінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыру барысында кредиттік серіктестік жүргізетін операциялардың құпиясын құрайтын мәліметтер алуға рұқсаты бар өзге де тұлғалар оларды жария еткені үшін осы баптың 4-7-тармақтарында көзделген жағдайлардан басқа, заң актілерінде көзделген жауапқа тартылады.

4. Кредиттік серіктестік жүргізетін операциялардың құпиясы тек мүліктің иесіне, мүлік иесінің өзі болған сәтте берілген жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші тұлғаға, сондай-ақ осы баптың 5-7-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға төменде келтірілген негіздер бойынша ашылуы мүмкін.

5. Заемшылар, клиенттер және кредиттік серіктестік жүргізетін операциялар туралы анықтамалар, сондай-ақ кредиттік серіктестіктің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаудағы мүліктің сипаты және құны туралы мәліметтер:

1) жауап алу және алдын ала тергеу органдарына: бірінші басшы немесе тергеуші қол қойған, жауап алу немесе алдын ала тергеу органының мөрімен расталған және прокурор рұқсат берген жазбаша сұрату негізінде кредиттік серіктестіктің сақтауындағы ақшаға және өзге де мүлікке тыйым салынған, өндіріп алынған немесе

мүлікті тәркілеу қолданылған жағдайларда оларда қаралып жатқан қылмыстық істер бойынша ;

2) соттарға: кредиттік серіктестіктің сақтауындағы ақшаға және өзге де мүлікке тыйым салынуы, өндіріп алынуы немесе мүлікті тәркілеу қолданылуы мүмкін жағдайларда соттың белгілеуі негізінде оларда қаралып жатқан істер бойынша;

3) прокурорға: оның құзыреті шегінде, оның қарауындағы материал бойынша, тексеру жүргізу туралы қаулысы негізінде;

4) жеке тұлғаның өкілдеріне: нотариат куәландырған сенімхат негізінде беріледі.

6. Иесі қайтыс болған жағдайда, кредиттік серіктестіктің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаудағы мүліктің болуы, сипаты және құны туралы мәліметтер :

1) есепшот (мүлік) иесі аманат қағазында көрсетілген адамдарға;

2) соттарға және нотариат кеңселеріне: оларда қаралып жатқан мұрагерлік істер бойынша ;

3) шетелдік консулдық мекемелерге: оларда қаралып жатқан мұрагерлік істер бойынша беріледі .

7. Кредиттік серіктестік жүргізетін операциялардың құпиясын құрайтын мәліметтер сондай-ақ уәкілетті органға оның сұратуы бойынша берілуі мүмкін.

## 21-бап. Кредиттік серіктестіктің кредиттік комитеті

1. Кредиттік комитет кредиттік серіктестіктің кредиттік саясатын жүзеге асыратын орган болып табылады. Кредиттік комитеттің мүшелерін кредиттік серіктестіктің Басқармасы сайлайды .

Кредиттік комитеттің құрамына мүшелердің тақ саннан тұратын кемінде үш адамы кіруге тиіс .

2. Кредиттік комитет өзінің мәжілістерін қажеттілігіне қарай өткізеді.

3. Кредиттік комитет кредиттік серіктестік қатысушысының кредит алуға берген әрбір өтініші бойынша шешімдер қабылдайды. Кредиттік серіктестіктің шешімі кредиттік комитет басшысының міндетті түрде қатысуымен мәжіліске қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауыстарымен қабылданады. Дауыстар тең болғанда кредиттік комитет басшысының дауысы шешуші болып табылады.

## 7-тарау. Кредиттік серіктестіктердің қызметін реттеу

### 22-бап. Кредиттік серіктестіктердің қызметін реттеу

1. Уәкілетті орган тұрақты қаржы жүйесін сақтау және кредиттік серіктестік қатысушыларының мүдделерін қорғау мақсатында кредиттік серіктестіктердің

қызметін, оның ішінде:  
пруденциалды нормативтерді және кредиттік серіктестіктер сақтауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді белгілеу;  
кредиттік серіктестіктер орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер шығару арқылы реттеуді жүзеге асырады.

2. Пруденциалды нормативтердің және сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері мен есеп айырысу әдістемесі, сондай-ақ кредиттік серіктестіктердің қаржылық, реттеуші және бухгалтерлік есебінің тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

3. Кредиттік серіктестіктерге заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға тыйым салынады.

#### 23-бап. Кредиттік серіктестіктерді инспекциялау

1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіппен дербес не басқа ұйымдарды тарту арқылы кредиттік серіктестіктің қызметін инспекциялауға құқылы.

2. Инспекциялауды жүзеге асыратын адамдар кредиттік серіктестіктердің қызметін тексеру барысында алған және коммерциялық құпиясы бар мәліметтерді жариялағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

#### 24-бап. Кредиттік серіктестіктерге қолданылатын ықпал ету шаралары және оларды қолдануға негіздемелер

1. Кредиттік серіктестік Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларын бұзған жағдайда оған осы бапта белгіленген ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін. Ықпал ету шаралары шектеулі ықпал ету шаралары мен санкцияларды білдіреді.

2. Уәкілетті орган шектеуші ықпал ету шаралары ретінде кредиттік серіктестікке мына шектеулі шараларды қолдануға құқылы:

- 1) міндеттеме-хатты талап етуге;
- 2) орындалуға міндетті жазбаша нұсқау беруге.

Кредиттік серіктестіктің міндеттеме-хатында бар кемшіліктерді тану фактісі және кредиттік серіктестік басшылығының оларды қатаң белгіленген мерзімде жоспарланған іс-шаралардың тізбесін көрсете отырып жою жөніндегі кепілдігі болуға тиіс.

Уәкілетті органның жазбаша нұсқауы - кредиттік серіктестікке анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоюға бағытталған түзету шараларын қабылдау туралы нұсқауы. Уәкілетті органның жазбаша нұсқауы жөнінде сотқа шағымдану оның орындалуын тоқтатпайды.

Кредиттік серіктестік уәкілетті органға міндеттеме-хаттың немесе жазбаша нұсқаудың осы құжатта көрсетілген мерзімде орындалуы жөнінде хабар беруге м і н д е т т і .

3. Шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

4. Уәкілетті орган кредиттік серіктестікке санкция ретінде мына шараларды қолдануға құқылы :

1) лицензияны Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген негіздемелер бойынша тоқтата тұру не қайтарып алу;

2) кредиттік серіктестік Басқармасының Төрағасын оның іс-әрекетінің Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес келмейтіндігін тану үшін жеткілікті деректер негізінде кредиттік серіктестіктің тиісті органы бұл мәселені қарауға дейін қызметтік міндеттерін орындаудан босату.

5. Уәкілетті орган банк операцияларының бұзылу сипатына қарай барлық не олардың жекелеген түрлерін жүргізуге берілген лицензияларды тоқтатады не қайтарып алады. Лицензияны қайтарып алу кредиттік серіктестікті қайта тіркеуге немесе оның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

Уәкілетті орган қабылданған шешім туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды .

25-бап. Кредиттік серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

1. Кредиттік серіктестік :

1) оның қатысушыларының шешімі бойынша (ерікті тарату);  
2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша (еріксіз тарату) таратылуы мүмкін.

2. Сот кредиттік серіктестікті:

1) кредиттік серіктестіктің банкрот болуына;  
2) осы Заңда көзделген негіздемелер бойынша банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияны қайтарып алуға;

3) кредиттік серіктестік қатысушылары санының үштен кем болуына;  
4) уәкілетті мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың кредиттік серіктестіктің қызметін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа негіздемелер бойынша тоқтату туралы өтінішіне (шағымына) байланысты еріксіз таратады .

3. Кредиттік серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Тарату комиссиясының қызметіне бақылауды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

## 26-бап. Кредиттік серіктестіктердегі есепке алу және есеп беру

1. Кредиттік серіктестіктер өздері жүргізетін операциялардың есебін белгіленген тәртіппен бекітілген бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Кредиттік серіктестіктің бухгалтерлік есебінің саясатын оның жалпы жиналысы белгілейді.

2. Кредиттік серіктестіктер уәкілетті органның сұратуы бойынша жеке қаражаты, жүргізіліп жатқан операциялар жөнінде, оның ішінде берілген және алынған кредиттер мөлшері туралы мәліметтерді қоса алғанда, кез келген ақпаратты ұсынуға міндетті.

3. Кредиттік серіктестік бухгалтерлік есепте және есепті жасаған

кезде пайдаланылатын құжаттардың қатаң есебін және сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Кредиттік серіктестіктер жүргізілген жыл сайынғы аудит туралы қорытындыны уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

5. Есептің нысаны, ұсыну тәртібі, кезеңділігі және мерзімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

6. Кредиттік серіктестік салық есебін Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тәртіппен ұсынады.

8-тарау. Қорытынды ережелер

27-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, осы Заң күшіне енгізілгенге дейін құрылған кредиттік серіктестіктер осы Заң күшіне енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге және өз қызметін осы Заңға сәйкес келтіруге міндетті.

2. 2001 жылғы 25 қаңтарда мақұлданған ауыл шаруашылығы өндірісін

мемлекеттік қаржы ресурстарын тарта отырып кредиттеудің пилоттық жобасы шеңберінде осы Заң күшіне енгізілгенге дейін құрылған ауылдық кредиттік серіктестіктер осы Заң күшіне енгізілген күннен бастап төрт жыл ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге және өз қызметін осы Заңға сәйкес келтіруге міндетті.

28-бап. Осы Заңның күшіне енуі

Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК